

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

«А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті» РМК

Экономикалық факультет



Бекітемін

Ғылыми жетекшісі

А. Дошанова

2019 ж.

Модульдік білім беру бағдарламасы

7M04106 Маркетинг

Деңгей: магистратура (бағыт– ғылыми және педагогикалық)

Қостанай, 2019

Құрастырушылар:

Сейтова Г.Т. – басқару және іскерлік әкімшілік кафедрасының меңгерушісі,
экономикалық ғылымдар кандидаты

Сулейменова С.Е. – басқару және іскерлік әкімшілік кафедрасының
оқытушысы, экономикалық ғылымдар магистрі

Экономикалық факультеттің әдістемілік кеңес отырысында қарастырылған,
хаттама №_29.03.2019 ж.

Университеттің ғылыми кеңес отырысында қарастырылған, хаттама № 6
26.04.2019 ж.

Білім беру бағдардамасының паспорты

БББ коды және атауы	7M04106 Маркетинг
Білім беру саласының коды және жіктелуі	7M04 Бизнес, басқару және құқық
Даярлау бағытының коды мен жіктелуі	7M041 Бизнес және басқару
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
Білім беру бағдарламасының мақсаты	
Маркетинг саласында жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды, сондай-ақ сауда маркетингі саласындағы зерттеушілерді дайындау, негізгі кәсіби функцияларды іске асыруға жоғары деңгейде дайын, өз қызметінің кәсіби салаларын дамыту сипаты мен бағытына конструктивті ықпал ете алатын, ұйымдастырушылық жұмыс пен басқару қызметінің дағдыларын меңгерген.	
Берілетін дәреже	
«7M04105 Маркетинг» білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдары магистрі	
Маман лауазымдарының тізбесі	
Маркетолог, жарнама жөніндегі менеджер, маркетолог – аналитик, PR – менеджер, маркетинг жөніндегі бөлім бастығы, маркетинг жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, оқытушы, ғылыми қызметкер.	
Кәсіби қызмет объектілері	
<ul style="list-style-type: none"> - нарық (тауар, қор, ақпараттық, капитал); - мемлекеттік мекемелер; - қызмет көрсету кәсіпорындары (қонақ үйлер, қоғамдық тамақтану кәсіпорындары, туристік фирмалар, экскурсиялық бюро); - өндірістік және делдалдық кәсіпорындар; - халықаралық сауда палаталары; - сауда үйлері; - көлік және коммуникация; - қойма шаруашылығы; - саяси білім беру; - қоғамдық ұйымдар; - білім беру ұйымдары. 	
Кәсіби қызмет түрлері	
<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-зерттеу; - білім беру; - ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет; - есептік-жобалық, - эксперименттік-зерттеу; - жарнамалық бизнес; - логистикалық бизнес. 	
Кәсіби қызметінің функциялары	
<ul style="list-style-type: none"> - барлық бөлімшелердің қызметін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша іс-шаралар әзірлеу; - әртүрлі салаларда маркетингтік зерттеулерді жүзеге асыру; - сервис стратегиясы мен тактикасын, маркетинг бюджетін және кәсіпорынның бизнес-жоспарын әзірлеуге қатысу; - кәсіпорынды басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыру, жоспарлау және үйлестіру және нарықтық және салалық экономиканы қалыптастыру; - халық шаруашылығының әр түрлі салаларына ауыл шаруашылығы өнімдерінің өткізілуін бақылауды жүзеге асыру; - шаруашылық жүргізудің әр түрлі салаларына агроөнеркәсіптік кешенді басқару және бақылау 	

- бейіндік бағыттағы пәндер бойынша білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу.

БББ оқу нәтижелері

ON1 Ғылыми коммуникацияны ана тілі және шет тілінде жүзеге асыру;

ON2 Ғылыми танымның әдіснамасын білу; ғылыми қызметті ұйымдастыру принциптері мен құрылымын білу, ғылыми-зерттеу қызметінің дағдысы болу;

ON3 Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды тарта отырып, ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмыстарды жүргізу; кәсіби қызмет саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану;

ON4 Қойылған педагогикалық мақсаттарға жету үшін оқытудың әр түрлі формаларын, әдістерін, құралдары мен технологияларын тиімді қолдана білу;

ON5 Экономикалық процестер мен құбылыстарды талдау; ұйымның дамуын басқару; эмпирикалық және эксперименттік деректерді өңдеу;

ON6 Тауарлық ассортиментті қалыптастыру, оны өткізу және жылжыту мәселелеріне қатысты маркетингтік проблемалар мен нақты нарықтық жағдайларға талдау жүргізу;

ON7 Баға белгілеудің әртүрлі әдістерін қолдану; баға белгілеу саласында маркетингтік құралдарды қолдану; баға стратегиясы мен тактикасын дұрыс анықтау;

ON8 Маркетингтік қызметті стратегиялық және тактикалық басқару шеңберінде тиімді шешімдер қабылдау.

ON9 Нақты материалдық өндіріс және тарату объектілерінде өз білімдерін іске асыру, маркетингті басқару.

Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінің (ҚР-ЖББК) біліктілік шеңберінің аясындағы екінші деңгейдегі дескрипторлар

Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін түлектер:

- 1) зерттеу контекстінде идеяларды әзірле және қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;
- 2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қаблетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;
- 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпараттық жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;
- 4) мамандарға, сондай-ақ маман еместере ақпаратты, идеяны; қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;
- 5) зерделеніп отырған салада оған әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қаблетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

Білім беру бағдарласының мазмұны

Модульдің атауы	Компонент цикілі (МК, ЖОО, ТК)	Пәндер	Пәннің /тәжірибенің атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Кредиттер саны	Семестр	Қалыптасатын дағдылар (коды)
Жалпы кәсіби пәндер	БП ЖООК	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы	Пән ғылым феноменінің мәселесіне арнайы философиялық талдау пәні ретінде енгізіледі, ғылым негіздері мен теориясы туралы, ғылымның даму заңдылықтары мен ғылыми білімнің құрылымы туралы, мамандық және әлеуметтік институт ретіндегі ғылым туралы, ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері туралы, қоғамның дамуындағы ғылымның рөлі туралы білімді қалыптастырады.	3	1	ON2
	БП ЖООК	ShT 5202	Шет тілі (кәсіби)	Бұл пәнді оқу кезінде магистрлер оқытылатын лексикалық және грамматикалық тақырыптар шегінде шет тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын меңгереді. Кәсіби қызмет саласында арнайы және ғылыми әдебиетті түсіну дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлінеді.	5	1	ON1
	БП ЖООК	ZhMP 5203	Жоғары мектептің педагогикасы	Бұл пәнді оқу магистранттарда жоғары мектепте оқыту қызметіне қажетті қазіргі заманғы білімнің маңызды саласы ретінде педагогикалық ғылым туралы Білім және түсінік жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пән мазмұнында жоғары мектеп педагогикасының орны, рөлі және маңызы туралы түсінік беретін педагогикалық теорияның ғылыми, теориялық негіздері қарастырылады.	4	1	ON2 ON4
	БП ЖООК	BP 5204	Басқару психологиясы	Пән магистранттарға басқару психологиясының теориялық-әдіснамалық негіздерін түсіндіреді,	4	1	ON2

				басқару үрдістері жүйесіндегі тұлғаның орны мен рөлі туралы түсінік береді, басқару қызметінің және басқару өзара әрекетінің мәнін ашады. Магистранттар персоналды басқару принциптері мен әдістерін, мотивация теориясын, басқарушылық шешімдерді қабылдауды зерттейді, басқару ортасындағы басшылық, көшбасшылық және тұлғааралық коммуникация дағдыларын алады.			
Маркетингтік басқару	БП КВ	КМ 5205	Қазіргі менеджмент	Пән логикалық реттілікте микродеңгейде басқарудың ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және психологиялық аспектілерін қарастырады. Бұл пән басқару туралы білім кешенін қалыптастырады, басқару мазмұнын ашады, басқару қызметінің түрлі түрлерін жүзеге асырудың, басқару жүйесін талдаудың және жобалаудың нақты дағдыларын қалыптастырады.	5	1	ON5 ON8 ON9
	БП КВ	ІА 5205	Іскерлік әкімшілік	Пән әкімшілік-басқару қызметі саласындағы теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды ашады. Пәнді оқу кәсіби қызметте тиімді әкімшілік шешімдерді қабылдауға, басқарушылық стратегияны әзірлеуге және іске асыруға, команда жұмысының нәтижелерін барабар бағалауға мүмкіндік береді.			ON5 ON8
	КП ЖООК	ММ 5301	Маркетинг-менеджмент	Пән магистранттарды маркетинг саласындағы ұзақ мерзімді және жедел басқару шешімдерінің кешенін қалыптастыруға үйретуге мүмкіндік береді. Пәнді оқу маркетингтік қызмет жүйесінде оның негізгі функциялары мен құрамдас маркетинг - микс бойынша басқару процесін оқып білуге, кәсіпорынның стратегиялық және тактикалық маркетингтік саясатын әзірлеуді қоса алғанда, қазіргі жағдайда маркетингтік міндеттерді шешу бойынша практикалық	5	1	ON8 ON9

				дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.			
«Сауда маркетингі» 1 білім беру траекториясының модульдері							
Маркетингтік шешімдерді аналитикалық және коммуникациялық қамтамасыз ету	КП ТК	КМТ 5302	Қазіргі маркетингтік талдау	Курс нарық жағдайында маркетингті басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында маркетингтік талдау жүргізудің теориялық және әдістемелік мәселелерін ашады, маркетингтік талдауды ақпараттық қамтамасыз ету және оны маркетингтік зерттеулер жүйесінде пайдалану туралы білім кешенін қалыптастырады.	5	2	ON5 ON6 ON8
	КП ТК	ВВО 5303	Баға және баға орнату	Пән аясында магистранттар баға белгілеу үрдісінің әдіснамалық негіздерін, баға белгілеу әдістерін, баға белгілеудің маркетингтік аспектілерін, Стратегия және тактика негіздерін үйренеді. Пән баға орнату мәселелеріне қатысты нақты нарықтық жағдайлар мен маркетингтік мәселелерге талдау жүргізу; бағаларды есептеудің заманауи тәсілдері мен әдістерін қолдану; баға орнату саласында шешімдер қабылдаудың ең тиімді тәсілдерін таңдау қабілетін қалыптастырады.	5	2	ON5 ON7
	КП ТК	КМ 5304	Коммуникациялық менеджмент	Курс магистранттарды жоспарлау, басқару және бақылау бойынша шешім қабылдау кезінде қажетті менеджерге коммуникациялық менеджменттің теориялық және практикалық аспектілерімен таныстырады. Пән ұйымда тиімді коммуникациялық үрдісті ұйымдастыру принциптерін; қоғаммен байланыс процесінің мәні мен технологиясын; коммуникациялық менеджменттің негізгі функцияларын зерделеуге мүмкіндік береді.	5	2	ON1 ON8
Сауда қызметін стратегиялық басқару	КП ТК	ВМ 6305	Брэнд - менеджмент	Пәнді оқу брэнд-менеджмент саласындағы менеджерлердің кәсіби даярлығының өсуіне ықпал етеді. Бұл курс келесі мәселелерді зерделеуді қамтиды: брендті заманауи түсіну;	5	3	ON6

				бренд-менеджменттің пайда болуы және дамуы; стратегиялық бренд-менеджмент; брендтер портфелін басқару және дамыту; бренд-коммуникация; брендті капиталдандыру, аудит және бағалау; жаһандық бренд-менеджмент.			
	КП ТК	SM 6306	Стратегиялық менеджмент	Пән магистранттарда ұйымды стратегиялық басқару саласында негізгі теориялық білімдер мен негізгі практикалық дағдыларды қалыптастырады. Пәнді оқу стратегияның ықтимал нұсқаларын, стратегиялық баламаларды әзірлеу әдістерін және ұйымның нақты стратегиясын таңдауды зерттеуге мүмкіндік береді; стратегияны іске асыру бойынша іс-шараларды әзірлеудің практикалық дағдыларын қалыптастыру.	5	3	ON5 ON8
Саудалық маркетингі ұйымдастыру	КП ТК	TM 6307	Trade менеджмент	Пән аясында магистранттар сауда саласындағы ұйымды басқарудың теориялық және практикалық мәселелерін зерттейді. Пән талдау жүргізу және тұтыну нарығындағы жұмыс барысында туындайтын мәселелерді шешу қабілетін қалыптастырады; нарықтық жағдайды зерттеу, коммерциялық шешімдер қабылдау; ұйым қызметін жоспарлау және ұйымдастыру; персоналды уәждеу жүйесін дұрыс пайдалану; коммерциялық менеджменттің тиімділігін бағалау.	4	3	ON6 ON8
	КП ТК	TM 6308	Trade маркетинг	Пән аясында магистранттар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де қоғамдық қажеттіліктерді қалыптастыру мен қанағаттандыруға бағытталған тауар-ақша қатынастарының қазіргі талаптары жағдайында сауда маркетингінің теориялық және практикалық аспектілерін зерттейді.	5	3	ON6 ON7 ON8
«Аграрлық маркетинг» 2 білім беру траекториясының модульдері							
Экономиканың	КП ТК	LM	Логистикалық	Пән аясында магистранттар материалдық және	5	2	ON5

аграрлық секторындағы маркетингтік шешімдер		5302	менеджмент	онымен байланысты ақпараттық және қаржылық ағындардың қозғалысын логистикалық басқарудың теориялық және практикалық негіздерін оқып үйренеді. Пән логистикалық үрдісті басқару бойынша Компанияның стратегиясы мен саясатын әзірлеу дағдыларын қалыптастырады.			
	КП ТК	KSAO KAEN 5303	Қазақстанның солтүстік аймақтардағы өнеркәсіптік қауіпсіздіктің аграрлық - экономикалық негіздері	Пәнді оқу кезінде магистранттар ұйымда қабылданатын тактикалық және стратегиялық шешімдерді ғылыми негіздеу үшін ұйымның стратегиялық жоспарын әзірлеудің теориялық негіздері мен практикалық тәсілдерін меңгереді. Пән экономикалық процестер мен құбылыстарды сауатты түсіндіру; ұйымның дамуын басқару; эмпирикалық және эксперименталды деректерді өңдеу қабілетін қалыптастырады.	5	2	ON5 ON8
	КП ТК	ShB 5304	Шығындарды басқару	Пән шеңберінде магистранттар шығындардың экономикалық табиғатын және өзіндік құн құрылымын зерттейді; шығындарды жоспарлау (бюджеттеу); өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау бойынша есеп жүргізу; қысқа мерзімді басқару шешімдерін қабылдау кезіндегі шығындарды талдау; инвестициялық салымдар бойынша шешім қабылдау кезіндегі шығындар мен нәтижелер дағдыларын алады.	5	2	ON5 ON8 ON9
Инновациялық жүйелерді басқару	КП ТК	IB6305	Инновацияларды басқару	Пән білім алушыларда инновацияны басқару және оларды басқару механизмі туралы білім жүйесін қалыптастырады. Пән аясында магистранттар инновациялық қызмет ұғымын және инновацияны басқару механизмін, инновацияның тиімділігін бағалау әдістемесін, венчурлік қаржыландыру процестерінің мәнін, Қазақстандағы инновациялық қызметтің стратегиялық даму негіздерін зерттейді.	5	3	ON2 ON8

	КП ТК	BSh 6306	Басқарушылық шешімдер	Курс басқару шешімдерін әзірлеу және іске асыру үрдісінің теориясы мен тәжірибесін ашады. Бұл пәнді оқу кезінде магистранттар басқарушылық шешімдерді әзірлеудің ең ұтымды сызбаларын таңдау, сондай-ақ шешімдердің сапасын анықтайтын маңызды және маңызды факторларды есепке алу дағдыларын меңгереді.	5	3	ON8
Аграрлық маркетингті ұйымдастыру	КП ТК	AM 6307	Аграрлық маркетинг	Бұл пән мамандықты меңгеру кезінде кәсіби білім мен іскерлікті қалыптастырады. Бұл пәнді оқу барысында магистранттар аграрлық маркетингтің әдіснамалық негіздерімен, маркетинг кешенінің ерекшеліктерімен, аграрлық маркетинг технологиясымен танысады.	5	3	ON6 ON7 ON8
	КП ТК	AM 6308	Агроөнеркәсіпті к маркетинг	Курс білім алушыларды аграрлық кәсіпорында өндірісті тиімді басқару саласында теориялық және практикалық біліммен қаруландыру болып табылады. Пән өндірістік жоспарларды әзірлеу және оларды іске асыру; Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегін нормалау; агроөнеркәсіптік кешенді ұйымдастыруды жетілдіру бойынша іс-шараларды әзірлеу дағдыларын қалыптастырады.	4	3	ON5 ON8
Вариативті модуль – 10 кредит (5206-5207)							
Жалпы базалық пәндер	БП ТК	AMAS hT	Арнайы мақсаттарға арналған шет тілі	Пән мамандандырылған лексикаға бағытталған шет тілін оқытуға бағытталған. Шетелдік әріптестермен кәсіби деңгейде диалог жүргізуге, құжаттама жүргізуге және іс хат жазысуға көңіл бөлінеді .	5	2	ON1
	БП ТК	ИКТ	Іскерлік қазақ тілі	Пән магистранттардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, іскерлік қазақ тілінің грамматикасын, іскерлік қарым-қатынасқа байланысты лексикалық минимумдарды оқытуға бағытталған. Магистранттар жұмыс, жұмыс уақыты, жұмыс күнін қазақ тілінде жоспарлау	5	2	ON1

				туралы баяндамалар жасауды үйренеді.			
	БП ТК	IR	Іскерлік риторика	Бұл пән қазіргі заманғы жалпы риторика заңдарымен, коммуникативтік ынтымақтастық принциптерімен, көпшілік алдында сөз сөйлеу құрылымымен таныстырады. Магистранттар ғылыми және іскерлік коммуникацияда әр түрлі жанрлардағы мәтіндерді дайындау үшін ақпаратты жүйелеуді және жинақтауды үйренеді; ғылыми және іскерлік коммуникацияда өз көзқарасын қисынды, дәлелді және анық баяндауды үйренеді.	5	2	ON1 ON3
	БП ТК	ІВВТ	Инновациялық білім беру технологиялары	Пән жоғары оқу орнындағы білім беру ортасын технологияландыру бойынша білім мен біліктерді қалыптастырады. Магистранттар оқытудың инновациялық технологияларын, олардың жіктелуін зерттейді. ЖОО білім беру жағдайында оқытудың заманауи технологияларын таңдауға және қолдануға үйренеді.	5	2	ON3
	БП ТК	PShN	Педагогикалық шеберлік негіздері	Пән кәсіби-педагогикалық қызметке қажетті педагогикалық шеберлік негіздерін қалыптастырады. Магистранттар педагогикалық шеберлікті қалыптастыру үшін қажетті білімді меңгереді, педагогикалық шындық құбылыстарын талдап, оны рефлексирлеуді үйренеді, педагогикалық жағдайларды нәтижелі шешу тәсілдерін меңгереді.	5	2	ON4
	БП ТК	ККР	Конструктивті қарым-қатынас психологиясы	Пән келесі сұрақтарды зерттеуге бағытталған: тұлғааралық қарым-қатынас, адам коммуникациясының ерекшеліктері, коммуникативтік құзыреттілік, адамдармен қарым-қатынас барысында бір-бірін тану және түсіну, қарым-қатынас процесіндегі өзара іс-қимыл, әлеуметтік-психологиялық жанжалдың	5	2	ON2

				сипаттамасы. Магистранттар конструктивті (тиімді) қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерін меңгереді.			
	БП ТК	IT	Интернет технологиялар	Пәнді оқу кезінде магистранттар Интернетті ұйымдастыру және қызмет ету технологияларын, Интернет ортасында қолдану үшін қосымшаларды жобалау әдістерін үйренеді, Интернетте іздеу технологияларымен, сервистермен, интернет технологияларын дамыту перспективаларымен танысады.	5	2	ON3
	БП ТК	ZhBZT	Жобаларды басқарудың заманауи технологиялары	Пән менеджерлерді жобаларды басқару саласындағы мамандардың халықаралық және ұлттық құзыреттілік талаптарына және қазіргі заманғы үрдістерге және жобалық қызмет технологиясына сәйкес оқытуға бағытталған.	5	2	ON3
	БП ТК	RIKK	Риторика. Іскерлік қарым-қатынас.	Курсты меңгеру барысында магистранттар риториканың негізгі принциптері мен әдістерін, сөйлеу мәдениетінің негіздерін, дау жүргізу әдістемесін, дискуссияларды, дәлелдерді таңдауды зерттейді. Магистранттар қажетті ақпаратты табуға, аудитория алдында сөз сөйлеуге, іскерлік келіссөздер жүргізуге, аудиториямен өзара іс-қимыл тәсілдерін зерделеуге үйренеді.	5	2	ON1 ON2
	БП ТК	ВТР	Бұлтты технологияларды пайдалану	Пән магистранттарда бұлтты технологиялар саласындағы білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Магистранттар бұлтты технологияларды және оларды жұмыста пайдалану аспектілерін, бұлтты құжат айналымын, Google құжаттарын зерттейді. SkyDrive (office.com), бірлескен қызметке арналған құралдар. Бұлтты деректер қоймасын пайдалануды үйренеді Dnevnik.ru және Dropbox, Яндекс. Диск.	5	2	ON3

Кәсіби практикалар	БП ЖООК		Педагогикалық практика	Педагогикалық тәжірибе оқыту және оқыту әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Бұл ретте магистранттар бакалавриатта сабақтар өткізуге тартылады.	4	3	ON4
	КП ЖООК		Зерттеу практикасы	Зерттеу практикасы білім алушыларда өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қабілетін, олардың белсенді өмір сүру барысында жаңа білімдерді өз бетінше шығармашылық игеру қажеттілігі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.	10	4	ON2 ON3
Ғылыми-зерттеу жұмысы	МҒЗЖ		Тағылымдамада н өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	МҒЗЖ ғылыми-зерттеу қызметінің, стандартты ғылыми міндеттерді шешудің дағдыларын қалыптастырады; күнделікті кәсіптік қызметке және докторантурада білімін жалғастыруға қажетті білімді кеңейту және тереңдету.	24	1-4	ON2
Қорытынды аттестация	ҚА		Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРҚ)		12	4	ON2
				Барлығы	120		